

«Электр энергетикасын дамыту және энергия үнемдеу институты (Қазақэнергиясараптама)» АҚ	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты	СМЖ.ДП.01.04 Өзгерту: 01 Күні: 27.07.2017 г. 36 беттен 1-бет
---	--	---



«Электр энергетикасын дамыту және энергия үнемдеу институты (Қазақэнергиясараптама)» АҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
бекітілді

«23» тамыз 2022 жыл
(№ 3 хаттама)

**«ЭЛЕКТР ЭНЕРГЕТИКАСЫН ДАМЫТУ ЖӘНЕ ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУ
ИНСТИТУТЫ (ҚАЗАҚЭНЕРГИЯСАРАПТАМА)» АКЦИОНЕРЛІК
ҚОҒАМЫНДАҒЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ
САЯСАТЫ**

Нұр-Сұлтан қаласы, 2022 жыл

Мазмұны

1. Жалпы ережелер	4-7
2. Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын дамытудың негізгі қағидаттары, мақсаттары мен міндеттері.....	7-10
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат шеңберіндегі Қоғамның басқару органдарының, құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің жауапкершілігі мен қызметі.....	10-13
4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының жүйесі	13-16
5. Қаржылық бақылау	16-20
6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер	20-21
7. Мүдделер қақтығысы	21-23
8. Контрагенттермен өзара іс-қимыл жасау кезінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі шаралар	23-25
9. Іскерлік сыйлықтар мен іскерлік қонақжайлылық белгілерімен алмасу. Өкілдік шығындар	25-28
10. Персоналды басқару саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары	28-31
11. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарламалар және олар бойынша қызметтік тергеулер	31-33
12. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат талаптарын сақтамағаны үшін Қоғам қызметкерлерінің жауапкершілігі.....	33-33
13. Қорытынды ережелер.....	33-33
1-қосымша	34-34
2-қосымша	35-36

1. Жалпы ережелер

1. Осы «Электр энергетикасын дамыту және энергия үнемдеу институты (Қазақэнергиясараптама)» акционерлік қоғамындағы (бұдан әрі – Қоғам) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты (бұдан әрі – Саясат) Қазақстан Республикасының Конституциясына, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің талаптарына, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамаға және Қоғамның қызметін қозғайтын және реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілерге, ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленген және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тиімді жүйесін құруға, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға, Қоғам қызметінің барлық бағыттарында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды барынша азайтуға, Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің жоғары деңгейін қалыптастыруға, Қоғамның іскерлік беделі мен оған деген сенімін нығайтуға бағытталған.

2. Саясат Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің негізгі бағыттарын, қолдану саласын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асырудың тиімділігіне қол жеткізуге ықпал ететін сыртқы және ішкі факторларды айқындайды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының мақсаттары мен міндеттерін, қағидаттары мен жүйесін, мүдделер қақтығысын болғызбау және реттеу тәртібін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау жөніндегі талаптар мен шектеулерді және сыбайлас жемқорлық бұзушылықтар үшін жауапкершілік шараларын белгілейді.

3. Бұл Саясатта келесі терминдер, анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

1) әкімшілік-шаруашылық функциялар – Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен Қоғамның теңгеріміндегі мүлікті басқару және оған билік ету құқығы;

2) басқару функцияларын орындайтын адам – Қоғамдағы ұйымдық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды тұрақты, уақытша не арнайы өкілеттік бойынша орындайтын адам;

3) жақын туыстары – ата-аналары (ата-анасы), балалары, асырап алушылары, асырап алынғандары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері, атасы, әжесі, немерелері;

4) жекжаттар – жұбайының (зайыбының) ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері, ата-аналары мен балалары;

5) сыбайлас жемқорлық – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және олармен байланысты мүмкіндіктерді жеке өзі немесе делдалдар арқылы өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе пайда түсіру мақсатында заңсыз

пайдалануы, сондай-ақ осы тұлғаларға игіліктер мен артықшылықтар беру арқылы пара беру;

6) жоғары басшылық – Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасының мүшелері;

7) контрагент – Қоғаммен азаматтық-құқықтық қатынастарда шарт тараптарының бірі болып табылатын немесе азаматтық заңнамамен реттелетін Қоғаммен қатынастарға түсуді жоспарлайтын жеке немесе заңды тұлға;

8) Қоғамның жауапты тұлғалары – Басқарма Төрағасының кеңесшісі, Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің басшылары, ішкі аудит қызметінің және сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс - қызметтің қызметкерлері, корпоративтік хатшы, корпоративтік даму және тәуекелдерді басқару, персоналды басқару және Қоғамды құқықтық қамтамасыз ету жөніндегі менеджерлер;

9) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адам – Қоғамда басқарушылық функцияларды орындайтын адам, сондай-ақ сатып алуды, оның ішінде мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу жөнінде шешімдер қабылдауға уәкілеттік берілген не мемлекеттік бюджет пен Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры қаражатынан қаржыландырылатын жобаларды іріктеуге және іске асыруға жауапты адам;

10) мүдделер қақтығысы – мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, Қоғамның жоғары басшылығының құрамына кіретін адамдардың, Қоғамның жауапты адамдарының жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, бұл ретте аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өздерінің лауазымдық міндеттерін орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына әкеп соғуы мүмкін;

11) мүдделі тараптар – заңнама нормаларына, жасалған шарттарға (келісімшарттарға) немесе жанама (тікелей емес) байланысты Қоғамның қызметіне, олардың өнімдеріне немесе қызметтеріне және соған байланысты іс-әрекеттерге ықпал ететін немесе әсер етуі мүмкін жеке тұлғалар, заңды тұлғалар, жеке немесе заңды тұлғалар топтары; мүдделі тараптардың негізгі өкілдері акционерлер, қызметкерлер, клиенттер, жеткізушілер, мемлекеттік органдар, еншілес және тәуелді ұйымдар, облигация ұстаушылар, кредиторлар, инвесторлар, қоғамдық ұйымдар, Қоғам қызметі жүзеге асырылатын өңірлердің халқы болып табылады;

12) НҚА – нормативтік құқықтық актілер;

13) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – Қоғамның алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу жолымен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі;

14) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өз өкілеттіктері шегінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық

бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу және олардың салдарын жою жөніндегі қызметі;

15) сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат – сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға, қоғамның мемлекеттік органдардың қызметіне сенімін арттыруға бағытталған құқықтық, әкімшілік және ұйымдастырушылық шаралар және заңға сәйкес өзге де шаралар;

16) сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамада белгіленген және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған шектеулер;

17) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қарсы кінәлі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

18) сыбайлас жемқорлық тәуекелі – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

19) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы құқық қолдану практикасының жай-күйіне, сондай-ақ Қоғамның сыбайлас жемқорлық деңгейін қабылдауы мен бағалауына қатысты ақпаратты жинау, өңдеу, қорыту, талдау және бағалау жөніндегі қызметі;

20) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау (сыртқы және ішкі) – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу;

21) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы компаенс-қызмет – Қоғамның және оның қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнаманы сақтауын қамтамасыз ететін және өз қызметін Қоғам Басқармасынан тәуелсіз жүзеге асыратын, Қоғамның Директорлар кеңесіне есеп беретін, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы талаптарының сақталуын қамтамасыз ету кезінде тәуелсіз болып табылатын Қоғамның құрылымдық бөлімшесі;

22) СЖҚҚҚ – сыбайлас жемқорлыққа қарсы компаенс-қызмет;

23) сыбайлас жемқорлыққа қарсы компаенс – Қоғамның және оның қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету бойынша Қоғам бөлімшелерінің біріне жүктелетін функция;

24) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру - сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілері өз құзыреті шегінде ұйымда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту бойынша жүзеге асыратын қызмет;

25) сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар – сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған қоғамдық қатынастардың оқшауланған саласы үшін белгіленген ұсынымдар жүйесі;

26) СЖТІТ – сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау;

27) үлестес тұлғалар – Қоғамның қызметіне тікелей немесе жанама ықпал ету мүмкіндігі бар жеке және заңды тұлғалар;

28) ұйымдастырушылық-өкімдік функциялар – Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен қызмет бойынша бағынысты адамдардың орындауы үшін міндетті бұйрықтар мен өкімдер шығаруға, сондай-ақ бағыныстыларға қатысты көтермелеу шаралары мен тәртіптік жазаларды қолдануға берілген құқық.

4. Осы Саясат Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қағидаттық ұстанымын көрсетеді, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру жөніндегі іргелі құжат болып табылады, Қоғам қызметінде тікелей іске асыруға және қолдануға, Қоғам қызметкерлерінің бұлжытпай сақтауына жатады.

Осы Саясаттың қағидаттары мен талаптары тиісті міндеттер олармен жасалған шарттарда, олардың ішкі құжаттарында бекітілген не Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларынан тікелей туындайтын жағдайларда атқаратын лауазымдары мен орындайтын функцияларына қарамастан Қоғамның барлық қызметкерлеріне және Қоғам өкілдеріне, сондай-ақ өзге де адамдарға қолданылады.

Директорлар Кеңесінің тиісті шешімімен бекітілгеннен кейін, 10 күнтізбелік күн ішінде Саясатпен Қоғамның барлық қызметкерлері танысуы, 5 жұмыс күні ішінде – Қоғамның интернет-ресурсында орналастырылуы тиіс.

Қоғамға жаңа қызметкерді жұмысқа қабылдау кезінде СЖҚКҚ еңбек шарты жасалған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жаңа қызметкерді осы Саясатпен жазбаша таныстыруға міндетті.

Ескерту: Саясаттың осы тарауының 3-тармағының 1), 5), 14) - 18) және 28) тармақшалары Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 1), 6) - 9) және 11) - 14) тармақшаларының редакциясында жазылды; Саясаттың осы тарауының 3-тармағының 19) тармақшасы Заңның 7-бабы 1-тармағының редакциясында жазылды; Саясаттың осы тарауының 3-тармағының 20) тармақшасы Заңның 8-бабы 1-тармағының редакциясында жазылды; Саясаттың осы тарауының 3-тармағының 24) тармақшасы Заңның 9-бабы 1-тармағының редакциясында жазылды; Саясаттың осы тарауының 3-тармағының 25) тармақшасы Заңның 10-бабы 1-тармағының редакциясында жазылды. Саясаттың осы тарауының 3-тармағының 4) тармақшасы Заңның 14-бабына «ескерту» мәтіні редакциясында жазылды.

Саясаттың осы тарауының 3-тармағының 3) тармақшасы «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 1-бабы 1-тармағы 13) тармақшасының редакциясында жазылды.

2. Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын дамытудың негізгі қағидаттары, мақсаттары мен міндеттері

5. Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылы келесі қағидаттар негізінде жүзеге асырылады:

1) заңдылық қағидаты – Қоғамның және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарын сөзсіз және мүлтіксіз сақтауы және орындауы және оның тиімді іске асырылуын қамтамасыз етуі;

2) барлығының заң алдындағы теңдігі мен әділдігі қағидаты – шығу тегі, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайы, жынысы, нәсілі, ұлты, тілі, дінге көзқарасы, нанымы, тұрғылықты жері немесе кез келген өзге мән-жайлар бойынша ешкімді қандай да бір кемсітуге болмайтынын белгілеген негізгі конституциялық қағидат; сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін жауапкершілікті шектейтін немесе жауаптылыққа тарту тәртібін қиындататын Қоғам қызметкерлерінің жекелеген санаттарына артықшылықтар немесе иммунитет белгілеуге жол бермеу қағидаты;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру жөніндегі қызметтің жариялылығы мен ашықтығы қағидаты – ұйым ішінде де, одан тыс жерлерде де сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы Қоғамның қызметі туралы ақпараттың барынша қолжетімділігі;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын жүйелі және кешенді пайдалану қағидаты – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жүзеге асырылатын барлық процестер өзара байланысты болуы және Қоғам қызметінің осы бағытындағы барлық проблемаларды зерделеу, зерттеумен және формальды сипатты алып тастаумен үздіксіз тұрақты негізде өзара іс-қимыл жасауы тиіс;

5) сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың басымдығы қағидаты – Қоғам қызметінде сыбайлас жемқорлықтың барлық нысандарының алдын алудың және олардың көрінуіне жол бермеудің маңыздылығы;

6) меритократияның басымдығы қағидаты – жеке еңбек сіңірудің қағидаты негізге алынған басқару нысаны, яғни Қоғамдағы жоғары тұрған лауазымдарға іріктеу және ілгерілету кезінде олардың ең жақсыларының мансаптық өсуі мақсатында Қоғам қызметкерлеріне берілетін артықшылық;

7) басшылықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс тиімділігіне мүдделілігі қағидаты – Қоғамның жоғары басшылығының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың сақталуын қамтамасыз ету және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру жөніндегі қызмет бағытын жақсарту мен тұрақты дамытудағы түсінігі, тілегі мен жауапкершілігі;

8) басшылықтың жеке үлгісі қағидаты – Қоғамның жоғары басшылығының сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік мәдениетін қалыптастырудағы және сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың ішкі ұйымдық жүйесін құрудағы басты рөлі;

9) қызметкерлерді тарту қағидаты – Қоғам қызметкерлерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманың ережелері туралы хабардар ету және олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар мен рәсімдерді қалыптастыруға және іске асыруға белсенді қатысуы;

10) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің тәуелсіздігі қағидаты – заңнамаға сәйкес СЖҚКҚ-нің ресми құқықтық мәртебесінің болуы, комплаенс-тәуекелді басқаруды үйлестіру үшін жалпы жауапкершілігі бар комплаенс басшысының болуы, комплаенс-тәуекелдерді басқару жөніндегі міндеттері мен оларға жүктелген өзге де міндеттер арасындағы комплаенс-функция персоналы мүдделерінің қақтығысы мүмкіндігін болдырмау, Қоғамның

Директорлар кеңесіне жеке-дара бағынып және есеп бере отырып, өз міндеттерін орындау үшін ақпарат пен персоналға қажетті қолжетімділіктің болуы;

11) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жетілдіру қағидаты – бұл Қазақстан Республикасы заңнамасының барлық талаптарын сақтай отырып, халықаралық тәжірибені, қазіргі заманғы ақпараттық - коммуникациялық және инновациялық технологияларды қолдана отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс міндеттерін тиімді орындау үшін қажетті нақты құзыретті, өкілеттіктерді және ресурстардың болуын айқындай отырып, СЖҚКҚ қызметін тұрақты дамыту және жақсарту;

12) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдемдесетін адамдарды қорғау қағидаты – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзге де жолмен жәрдемдесетін адам Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен мемлекеттің қорғауында болады және көтермеленеді және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін адам туралы ақпарат мемлекеттік құпия болып табылады және заңда белгіленген тәртіппен беріледі. Аталған ақпаратты жария ету заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады;

13) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін жауапкершілік және жазаның бұлтартпастығы қағидаты – Қоғамның кез келген тұлғасы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаған жағдайда атқаратын лауазымына және атқаратын қызметіне, жұмыс өтіліне және өзге де жағдайларына қарамастан, Еңбек міндеттерін орындауға байланысты жазалануға немесе заңнамада көзделген өзге де құқықтық ықпал ету шараларын қолдануға жатады, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асырғаны үшін Қоғам басшысы дербес жауапкершілікке тартылады.

6. Осы Саясаттың мақсаты – Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қызметін ұйымдастыруға бірыңғай тәсілді қалыптастыру және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді барынша азайту болып табылады.

7. Саясатты іске асыру келесі міндеттерді шешу жолымен жүзеге асырылады:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары жүйесін тиімді және нәтижелі іске асыру;

2) Қоғамда сыбайлас жемқорлықтың барлық көріністеріне нөлдік төзімділікті қалыптастыру;

3) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және оларды жою;

4) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау;

5) ұйымдастырушылық-басқарушылық және қаржылық қызметте құқықтық тетікті белгілеу;

6) қаржылық сипаттағы шараларды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді белгілеу;

7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды белгілеу.

8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнамасының талаптарын ескере отырып әзірленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Қоғамның жыл сайынғы жоспары (бұдан әрі – Жоспар) шеңберінде жүзеге асырылады. Жоспарды СЖҚКҚ әзірлейді және ол Директорлар кеңесінің шешімімен бекітіледі.

Жоспарда көзделген іс-шаралар нақты тұжырымдалуы, нақты, формальды сипатсыз, нақты мерзімдермен, Қоғам қызметінің барлық бағыттарын қамтумен, жауапты тұлғаларды көрсетумен және күтілетін нәтижелермен болуы тиіс.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат шеңберіндегі Қоғамның басқару органдарының, құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің жауапкершілігі мен қызметі

9. Қоғамның Директорлар кеңесі:

1) Іскерлік әдеп кодексін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары мен әдістерін айқындайтын Қоғамның осы Саясатын, Қоғам қызметкерлері үшін Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулықты, Мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу саясатын және Қоғамның Жоспарын бекітеді;

2) Қоғам Басқармасының Жоспарды орындауын және оның нәтижелілігін, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенстің тиімді жұмыс істеуі үшін қажетті ресурстарды бөлудің жеткіліктілігін бақылауды жүзеге асырады;

3) жылына кемінде 1 (бір) рет Қоғамның СЖҚКҚ-нен сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру туралы ақпарат алады;

4) Директорлар кеңесінің мүшелері сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне және барлық деңгейлерде төзбеушілік танытуы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманың талаптарын сақтауы және жеке үлгі қағидатын басшылыққа алуы тиіс.

10. Қоғамның Басқармасы:

1) Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қызметін ұйымдастырады және сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенстің тиімді және нәтижелі жұмыс істеуі үшін жеткілікті және тиісті ресурстармен қамтамасыз етеді;

2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті енгізуге жауапты болады;

3) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы күрес бойынша барлық әдістерді тиімді енгізеді;

4) өз үлгісімен Қоғам қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырады;

5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесін үнемі жақсартады;

6) қызметкерлердің ешқайсысы адал ниетпен немесе негізделген болжам бойынша жасаған Қоғамда жасалатын бұзушылықтар туралы хабарлағаны үшін немесе тіпті мұндай бас тарту Қоғам үшін қаржылық шығындарға әкеп соғуы мүмкін болса да, сыбайлас жемқорлық әрекеттерге қатысудан бас тартқаны үшін

<p>«Электр энергетикасын дамыту және энергия үнемдеу институты (Қазақэнергиясараптама)» АҚ</p>	<p>Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты</p>	<p>СМЖ.ДП.01.04 Өзгерту: 01 Күні: 27.07. 2017 г. 36 беттен 11-бет</p>
--	---	---

кемсітушілікке немесе тәртіптік ықпал ету шараларына ұшырамайтынына кепілдік береді;

7) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға кінәлі адамдарды, сондай-ақ оларға жәрдем көрсететін адамдарды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жауаптылыққа тартады;

8) Қоғамның Басқарма мүшелері мүшелері сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне және барлық деңгейлерде төзбеушілік танытуы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманың талаптарын сақтауы және жеке үлгі қағидатын басшылыққа алуы тиіс.

9) Қоғамның Басқарма мүшелері Қазақстан Республикасының қолданыстағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының және осы Саясаттың талаптарын сақтамағаны үшін дербес тәртіптік, әкімшілік және қылмыстық жауаптылықта болады.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңының (бұдан әрі мәтін бойынша -Заң) 22-бабына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды өз құзыреті шегінде квазимемлекеттік сектордың барлық субъектілері жүргізуге міндетті және Қоғамның басшысы бағынысты қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу жөніндегі лауазымдық міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тәртіптік жауаптылықта болады.

11. Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің басшылары:

1) сеніп тапсырылған құрылымдық бөлімшелердің (орталықтардың, департаменттердің, қызметтердің) қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруын, оның ішінде осы Саясат пен Жоспардың талаптарын орындауды қамтамасыз етеді;

2) сеніп тапсырылған бөлімшелер деңгейінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты енгізуге және дамытуға жауапты;

3) Қоғам және СЖҚКҚ басшылығының сұратулары бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша қажетті мәліметтерді, ақпараттарды уақтылы ұсынуды қамтамасыз етеді;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнаманы бұзу фактілеріне және сыбайлас жемқорлық тәуекелінің индикаторлары ретінде айқындалған инциденттерге уақтылы ден қоюды қамтамасыз етеді және оларды жою жөнінде тиісті шараларды уақтылы қабылдайды;

5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингті және Қоғамның СЖҚКҚ СЖТІТ жүргізуге жәрдемдеседі;

6) бөлімшеге және басқару деңгейіне қарамастан Қоғам қызметкерлерінің осы Саясаттың және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарын бұзушылықтар жасауының өзіне белгілі болған фактілері туралы Қоғамның СЖҚКҚ уақтылы хабардар етеді;

7) егер бағынысты адам жасаған сыбайлас жемқорлық қылмыс пен басшының сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаудың алдын алу

жөніндегі лауазымдық міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін кінәсі арасында байланыс орнатылған жағдайда, Қоғамның тікелей өзіне бағынысты қызметкерлері сыбайлас жемқорлық қылмыстар жасаған жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады;

8) Қазақстан Республикасының қолданыстағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының және осы Саясаттың талаптарын сақтамағаны үшін дербес тәртіптік, әкімшілік және қылмыстық жауаптылықта болады.

12. Қоғам қызметкерлері:

1) осы Саясатта, қоғамның Іскерлік әдеп кодексінде, өзге де ішкі құжаттарда және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасында белгіленген талаптарды сақтауға немесе оларды сақтау мүмкін емес екендігі туралы тікелей басшыға хабарлауға міндетті;

2) егер оған жасалған немесе жоспарланып отырған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы белгілі болған жағдайда, СЖҚКҚ-ға дереу хабарлауға не сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның жедел желісіне немесе Қоғамның «сенім» телефонына жүгінуге міндетті;

3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының және осы Саясаттың талаптарын сақтамағаны үшін дербес тәртіптік, әкімшілік және қылмыстық жауаптылықта болады.

13. СЖҚКҚ:

1) Қоғамның және оның қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы сақтауын қамтамасыз етеді;

2) осы Саясатты және Қоғам қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулықты, мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу саясатын, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі өзге де ішкі нормативтік құжаттарды әзірлейді;

3) Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізеді және қызметкерлерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша оқытуды ұйымдастырады;

4) Қоғам қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, сондай-ақ қоғамның Іскерлік әдеп кодексін сақтауын бақылауды қамтамасыз етеді;

5) Қоғам және оның үлестес тұлғалары туралы ақпараттың, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функцияларын жүзеге асыру кезеңінде белгілі болған инсайдерлік ақпараттың, егер онда дайындалып жатқан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы деректер болмаса, құпиялылығын сақтайды;

6) сыбайлас жемқорлықтың, корпоративтік әдеп кодексін және сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс мәселелері бойынша өзге де ішкі саясат пен рәсімдерді бұзудың болжамды немесе нақты фактілері бойынша жүгінген адамдардың құпиялылығын қамтамасыз етеді;

7) Директорлар кеңесін сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың болуы немесе ықтимал мүмкіндігіне байланысты кез келген жағдайлар туралы уақтылы хабардар етеді;

8) мүдделер қақтығысын болғызбау және реттеу жөнінде шаралар қабылдайды.

СЖҚКҚ-ның өзге де функциялары, СЖҚКҚ қызметкерлерінің функционалдық міндеттері, құқықтары мен жауапкершілігі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнаманың талаптары мен ережелерін ескере отырып, СЖҚКҚ туралы ережемен және СЖҚКҚ қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарымен айқындалады.

СЖҚКҚ қызметкерлері Қазақстан Республикасының қолданыстағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының және осы Саясаттың талаптарын сақтамағаны үшін дербес тәртіптік, әкімшілік және қылмыстық жауаптылықта болады.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының жүйесі

14. Заңда жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының жүйесі белгіленген, оларды іске асыру Қазақстан Республикасының квазимемлекеттік секторы субъектілерінің, атап айтқанда Қоғамның негізгі міндеті болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының жүйесі алдын алу сипатын білдіреді және мыналарды қамтиды:

- 1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг;
- 2) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау;
- 3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заң сараптамасын жүргізу кезінде сыбайлас жемқорлық нормаларын анықтау;
- 5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қалыптастыру және сақтау;
- 6) қаржылық бақылау;
- 7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер;
- 8) мүдделер қақтығысын болғызбау және шешу;
- 9) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарлама.

15. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы құқық қолдану практикасын бағалау мақсатында жүргізіледі және оның нәтижелері сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған шараларды жетілдіру үшін негіз бола алады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің міндеті Қоғам қызметінің белгілі бір саласында сыбайлас жемқорлық көріністеріне ықпал ететін проблемалық мәселелерді зерделеу болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің мәні сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы құқық қолдану практикасының жай-күйіне, сондай-ақ қоғамның сыбайлас жемқорлық деңгейін қабылдауы мен бағалауына қатысты ақпарат болып табылады.

Құқықтық статистика мен жеке және заңды тұлғалардың өтініштері, үкіметтік емес және халықаралық ұйымдардың мәліметтері, бұқаралық ақпарат құралдарындағы әлеуметтік сауалнамалар мен жарияланымдардың деректері,

<p>«Электр энергетикасын дамыту және энергия үнемдеу институты (Қазақэнергиясараптама)» АҚ</p>	<p>Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты</p>	<p>СМЖ.ДП.01.04 Өзгерту: 01 Күні: 27.07. 2017 г. 36 беттен 14-бет</p>
--	---	---

сондай-ақ заңмен тыйым салынбаған өзге де ақпарат көздері сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің көздері болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу тәртібі «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2020 жылғы 28 қаңтардағы № 22 бұйрығымен айқындалған.

16. СЖТІТ Басқарма төрағасының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның шешімі бойынша құрылатын СЖҚКҚ-ның бекітілген жыл сайынғы кестесіне немесе СЖҚКҚ құрамындағы жұмыс тобына сәйкес жүргізіледі. СЖТІТ өткізу кестесін Қоғамның Басқарма Төрағасы бекітеді.

СЖТІТ мақсаты сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу болып табылады. СЖТІТ объектісі жеке құрылымдық бөлімшенің қызметі және/немесе Қоғамның қызметі болып табылады және келесі бағыттар бойынша жүргізіледі:

– жалпы Қоғамның немесе жекелеген құрылымдық бөлімшенің қызметін қозғайтын НҚА-да және ішкі нормативтік актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

– Қоғамның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде де сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау (персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың ауысуы, мүдделер қақтығысын реттеу және ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтен туындайтын өзге де мәселелер).

СЖТІТ жүргізудің үлгілік тәртібі «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен айқындалады.

17. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру - бұл Қоғам қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы құндылықтарды сіңірудің тұрақты процесі. Қоғамның әрбір қызметкерінің адамгершілік, зияткерлік, мәдени дамуы және сыбайлас жемқорлықтан бас тартудың белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыру мақсатында білім беру, ақпараттық және ұйымдастырушылық сипаттағы шаралар кешені арқылы жүзеге асырылады.

Бұл шара Қоғам қызметкерлері арасында жалпыға бірдей құқықтық оқыту сабақтарын өткізу және оларға сауалнама жүргізу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның, өзге де мемлекеттік органдардың және/немесе қоғамдық бірлестіктердің өкілдерінің қатысуымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі бірлескен кеңестер нысанында іске асырылады.

Егер сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормаларға сәйкестікті қамтамасыз ету функциясын орындау үшін тағайындалған тиісті тұлғаның/-лардың осы салада жеткілікті тәжірибесі болмаса, Қоғам ол үшін оның функцияларын тиісінше орындау үшін кез келген қажетті дайындықты қамтамасыз етуі тиіс.

Бұл шара СЖҚКҚ қызметкерлерін және Қоғамның басқа да қызметкерлерін тиісті білім беру ұйымдарына оқуға (даярлауға, қайта даярлауға, біліктілігін арттыруға) жіберу жолымен де іске асырылуы мүмкін.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы түсіндіру (оның ішінде өзгерістер туралы) және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру бойынша қолданыстағы бағдарламалық құжаттар туралы ақпараттандыру бойынша Қоғам қызметкерлері арасында жалпыға бірдей құқықтық оқыту сабақтарын кестеге сәйкес СЖҚКҚ ұйымдастырады және өткізеді. Кестені Қоғамның Басқарма Төрағасы бекітеді.

Оқыту іс-шарасы (сабақ) жеке тренинг ретінде өткізілуі мүмкін немесе сәйкестік пен этикалық мінез-құлықты қамтамасыз ету бойынша жалпы кіріспе немесе оқыту бағдарламасының бөлігі болуы мүмкін.

Оқу іс-шарасының мазмұны қызметкерлердің функцияларына бейімделуі мүмкін. Функционалдық міндеттерін жүзеге асыру кезінде жұмысы елеулі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерімен ұштаспайтын қызметкерлер ықтимал бұзушылықты анықтаса, оны түсініп, не істеу керектігін білуі үшін Қоғам Саясаты бойынша өте қарапайым оқытудан өтуі мүмкін. Қызметі Елеулі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерімен ұштасқан қызметкерлер тереңірек оқытудан өтуі тиіс.

18. Заң сараптамасын жүргізу кезінде сыбайлас жемқорлық нормаларын анықтау – бұл сыбайлас жемқорлық қаупін арттыратын және нормаларды сыбайлас жемқорлыққа айналдыратын құқық-конструкциялар мен шешімдердің сыбайлас жемқорлық нормаларының бар-жоғын тексеру. НҚА-дағы сыбайлас жемқорлық нормалары мәтінге саналы түрде немесе байқаусызда енгізілуі, заң техникасының қағидаларына жауап беруі және оларды бұзуы (нормалардың ақаулары) мүмкін.

Сыбайлас жемқорлық нормаларына көбінесе шамадан тыс әкімшілік кедергілер, жалған мақсаттар мен басымдықтар, әкімшілік және конкурстық рәсімдердің болмауы немесе тиісінше реттелмеуі, қызметкерлердің функцияларын, құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін тиісінше айқындамау, бақылау тетігінің жеткіліксіздігі, адамға өзіне тиесілі құқықты іске асыру үшін қойылатын талаптардың асыра көрсетілуі; НҚА-да артық бланкеттік және сілтемелік нормалардың болуы жатады.

Нормалардың көрсетілген сыбайлас жемқорлықтық белгілері толық болып табылмайды. Сыбайлас жемқорлық белгілеріне нормаларды талдау кезінде Қоғам қызметінде ерікті реттеу және жеке-дара шешім қабылдау салдарынан заңды жауапкершілікпен теріс салдарға әкеп соғуы мүмкін ықтимал тәуекелдерді белгілеу қажет. Және бұл тәуекелдер реттеудің нақты және анық құқықтық нормаларының болмауына немесе құқық нормасын дұрыс түсіндірмеуге, қолдануға және іске асыруға байланысты болуы мүмкін.

Бір мезгілде дискрециялық нормаларды анықтау жүзеге асырылады, өйткені сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің факторы ұйымдық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық мәселелер бойынша шешім қабылдауға құқығы бар адамның өкілеттігі болып табылады, оның мазмұнынан осы өкілеттіктің шегін анықтау мүмкін емес. Дискрециялық өкілеттіктердің ауқымдылығы шешім қабылдау мерзімдерінің,

«Электр энергетикасын дамыту және энергия үнемдеу институты (Қазақэнергиясараптама)» АҚ	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты	СМЖ.ДП.01.04 Өзгерту: 01 Күні: 27.07. 2017 г. 36 беттен 16-бет
---	--	---

шарттарының немесе негіздерінің болмауымен немесе белгісіздігімен, қайталанатын өкілеттіктердің болуымен сипатталады.

Сыбайлас жемқорлық нормаларын анықтауды СЖҚКҚ, сондай-ақ Қоғамның тиісті құрылымдық бөлімшесін құқықтық қамтамасыз етуді және құқықтық қолдауды жүзеге асыратын қызметкер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.

19. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қалыптастыру және сақтау сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі жұмыстың маңызды элементі болып табылады. Осы мақсатта Қоғам қызметкерлерінің іскерлік этикасы және/немесе қызметтік мінез-құлық кодексі әзірленеді, ол Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен бекітіледі. Бұл ретте кодекс сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға тыйым салуға тікелей байланысты мәселелерді реттеуге қарағанда одан да кең ауқымды әрекет ете алатынын есте ұстаған жөн. Кодекске іскерлік қатынастардың жалпы этикасын қозғайтын және қызметкерлер мен жалпы Қоғамның этикалық, адал мінез-құлық қалыптастыруға бағытталған қызметкерлердің мінез-құлықның бірқатар ережелері мен стандарттарын белгілейтін ережелер енгізілуі керек.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесін білдіреді және ұйым қызметінің ерекшелігін ескере отырып, оқшауланған сала үшін белгіленеді. Олар жалпы құндылықтарды, нормаларды белгілейді, Қоғамның жекелеген салалары үшін, мысалы, кадр саясатындағы мінез-құлық ережелерін егжей-тегжейлі көрсетеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлеу міндеттері:

- 1) Қоғамда жұмыс істейтін адамдарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлықты қалыптастыру;
- 2) сыбайлас жемқорлық көріністерін уақтылы анықтау және олардың теріс салдарын болғызбау.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар Қоғамның ішкі құжаттарын әзірлеу кезінде ескеріледі. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды Қоғамның СЖҚКҚ әзірлейді және Директорлар кеңесінің шешімімен бекітіледі.

5. Қаржылық бақылау

20. Қаржылық бақылау – бұл Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайтуға ықпал ететін, оларды дұрыс басқару және уақтылы бекіту үшін қаржы операциялары құқығының нормаларын реттеу жүйесі. Бұлар ішкі бақылау және аудит қызметтері болып табылады, олардың негізгі функциясы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын іске асыру мақсатында ұйымның қаржылық (бухгалтерлік) есептілігінің сенімділігі мен дұрыстығын қамтамасыз ету және ұйым қызметінің ұйымның нормативтік құқықтық актілері мен жергілікті нормативтік актілерінің талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету болып табылады.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының № 415 Заңының (бұдан әрі – АҚ туралы ҚРЗ) 61-бабына сәйкес Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды Ішкі аудит қызметі (ІАҚ) жүзеге асырады, ол Директорлар кеңесіне тікелей бағынады және оның алдында өз жұмысы туралы есеп береді.

ІАҚ өз қызметін жүзеге асыру кезінде кәсіби практиканың халықаралық негіздерін, АҚ туралы ҚРЗ және аудиторлық қызметті реттейтін өзге де нормативтік-құқықтық актілерді басшылыққа алады.

Ішкі аудиттің кәсіби тәжірибесінің халықаралық негіздері - бұл Халықаралық ішкі аудиторлар институты шығарған басшылықты біріктіретін тұжырымдамалық модель. Халықаралық негіздер ішкі аудит саласындағы мемлекетаралық және ұлттық заңнамалық және нормативтік актілер үшін негіз болып табылады.

21. Басқарудың және жоспарлаудың нақты функцияларын анықтай отырып, тиімді және нәтижелі жұмыс үшін барлық қажетті ресурстардың болуымен ІАҚ-ның дұрыс ұйымдастырылған жұмысы Қоғам қызметіндегі сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуға және анықтауға ықпал етеді. Ол үшін ІАҚ Қоғам іске асыратын сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың талаптарын ескеруі тиіс, оның ішінде келесі жолдармен:

– сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және ескерту бойынша жұмыс тұрғысынан маңызды түрлі ұйымдастырушылық рәсімдер мен қызмет ережелерінің сақталуын тексеру;

– мекеменің шаруашылық қызметінің операцияларын құжаттауды бақылау;

– сыбайлас жемқорлық тәуекелі салаларында жүзеге асырылатын операциялардың экономикалық негізділігін тексеру.

22. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және ескерту жөніндегі жұмыс тұрғысынан маңызды ұйымдастырушылық рәсімдер мен қызмет қағидаларын іске асыруды тексеру сыбайлас жемқорлыққа қарсы арнайы қағидалар мен рәсімдерді де, сондай-ақ жанама маңызы бар өзге де қағидалар мен рәсімдерді де қамтуы мүмкін (мысалы, іскерлік әдеп кодексінде ұсынылған кейбір жалпы нормалар мен мінез-құлық стандарттары).

23. Шаруашылық қызмет операцияларын құжаттауды бақылау, ең алдымен, Қоғамның қаржылық (бухгалтерлік) есептілігін жүргізу міндетімен байланысты және тиісті бұзушылықтардың алдын алуға және анықтауға бағытталған: бейресми есептілікті жасау, жалған құжаттарды пайдалану, жоқ шығыстарды жазу, бастапқы есепке алу құжаттарының болмауы, құжаттар мен есептіліктегі түзетулер, құжаттарды жою және бұрын белгіленген мерзімде есептілік және т. б.

24. Сыбайлас жемқорлық тәуекелі салаларында жүзеге асырылатын операциялардың экономикалық негізділігін тексеру іскерлік сыйлықтармен, өкілдік шығыстармен, қайырымдылық көмек көрсетумен, сыртқы консультанттарға сыйақылармен алмасумен байланысты және басқа да салаларға қатысты жүргізілуі мүмкін.

Бұл жағдайда заңсыз әрекеттердің индикаторлары – жағдайлардың болуына назар аудару керек, мысалы:

1) сипаты айқындалмаған не күмән тудыратын қызметтерге ақы төлеу;
2) сыртқы консультанттарға, мемлекеттік органдардың немесе ұйымдардың өкілдеріне, үлестес тұлғалар мен контрагенттердің қызметкерлеріне қымбат сыйлықтар беру, көліктік, ойын-сауық қызметтеріне ақы төлеу, өзге де құндылықтар немесе игіліктер беру;

3) Қоғам үшін әдеттегі төлемнен немесе қызметтің осы түрі үшін төлемнен асатын сыйақыны делдалға немесе сыртқы консультантқа төлеу;

4) нарықтық бағадан айтарлықтай ерекшеленетін бағалар бойынша мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру;

5) күмәнді қолма-қол ақшамен төлемдер.

25. Қоғамның қаржылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге мынадай шаралар ықпал етеді:

1) төлемге бастамашылық жасауды және мақұлдауды бір тұлға жасамауы үшін міндеттерді бөлуді жүзеге асыру;

2) төлемді мақұлдау үшін тиісті иерархиялық өкілеттік деңгейлерін белгілеу (неғұрлым маңызды операциялар жоғары деңгейдегі басшының мақұлдауын талап етуі үшін);

3) төлем алушы мен жұмыстарды немесе қызметтерді орындау фактісі ұйымда бекітудің тиісті тетіктері арқылы расталғанын қамтамасыз ету;

4) төлемді бекіту үшін кемінде екі қол қою талабы;

5) бекітілетін төлемге қоса берілетін тиісті ілеспе құжаттаманың болуын талап ету;

6) қолма-қол ақшаны пайдалануды шектеу және қолма-қол ақшаны бақылаудың нәтижелі әдістерін іске асыру;

7) төлемдердің нақты және түсінікті жіктелуіне және шоттарда тиісті көрсетілуіне кепілдік беру;

8) басшылықтың елеулі қаржылық операцияларға мерзімді талдау жүргізуі;

9) мерзімді және тәуелсіз қаржылық аудиттерді орындау және аудитті орындайтын тұлғалардың немесе ұйымдардың тұрақты негізде ауысуы.

26. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын қамтамасыз ету мақсатында қызметкерлердің белгілі бір санаты үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде активтер мен міндеттемелер, кірістер мен мүлік туралы жыл сайынғы декларация беру туралы міндет заңнамалық түрде белгіленген.

2021 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстанда кезең-кезеңмен декларациялау енгізілді және кірістер мен мүлік туралы жыл сайынғы декларацияны беруге міндетті адамдар арасында мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдар мен олардың жұбайлары айқындалды.

ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл туралы» Заңының 1-бабының 4) тармақшасына сәйкес «мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адам – мемлекеттік ұйымда немесе квазимемлекеттік сектор субъектінде басқарушылық функцияларды орындайтын адам, сондай-ақ сатып алуды, оның ішінде мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру

мен өткізу бойынша шешімдер қабылдауға уәкілеттік берілген не мемлекеттік бюджеттің және Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатынан қаржыландырылатын жобаларды іріктеу мен іске асыруға жауапты, көрсетілген ұйымдарда дербес құрылымдық бөлімшенің басшысынан төмен емес лауазымды атқаратын адам,».

Қоғамда басқарушылық функцияларды орындайтын адам ретінде қызмет бойынша бағынысты адамдардың орындауы үшін міндетті бұйрықтар мен өкімдер шығаруға, сондай-ақ бағыныстыларға қатысты көтермелеу шаралары мен тәртіптік жазаларды қолдануға немесе көрсетілген ұйымдарда әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындауға, Қоғамның балансында тұрған мүлікті басқаруға және оған билік етуге құқық берілген, ұйымдық-өкімдік функцияларды тұрақты, уақытша не арнайы өкілеттік бойынша орындайтын адам танылады.

Сатып алуды ұйымдастыру және өткізу жөнінде шешімдер қабылдауға уәкілетті тұлғаларға дербес құрылымдық бөлімшелердің басшыларын не сатып алуды жүзеге асыру кезінде сатып алуды ұйымдастырушы тағайындайтын дербес құрылымдық бөлімшенің басшысынан төмен емес лауазымды атқаратын лауазымды адамдарды не не сатып алуды ұйымдастыру және өткізу бойынша шешімдер қабылдау жөніндегі өкілеттіктер аталған адамдардың лауазымдық нұсқаулықтарында не олардың қызметтік құқықтары мен міндеттерін айқындайтын өзге де құжаттарда бекітілген тұлғаларды жатқызған жөн.

Сонымен қатар, сатып алуды ұйымдастыру және өткізу жөнінде шешімдер қабылдауға уәкілетті не мемлекеттік бюджет пен Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры қаражатынан қаржыландырылатын жобаларды іріктеу мен іске асыруға жауапты адамдарға дербес құрылымдық бөлімше басшысынан төмен емес лауазымды атқаратын Қоғам қызметкерлерін жатқызу қажет.

Егер мемлекеттік сатып алу бөлімі немесе басқа бөлім Қоғамның дербес құрылымдық бөлімшесі болып табылса және сатып алу рәсімдерін өткізу кезінде сатып алуды ұйымдастырушы тағайындаса не сатып алуды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі шешімдерді қабылдау жөніндегі өкілеттіктер тиісті бөлім басшысының лауазымдық нұсқаулығында бекітілсе, онда осы бөлімнің басшысы сатып алуды ұйымдастыру және өткізу жөнінде шешім қабылдауға уәкілетті тұлға болып табылады және тиісінше, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестіріледі.

Мемлекеттік бюджет және Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры қаражатынан қаржыландырылатын жобаларды іріктеуге және іске асыруға жауапты адамдарға мемлекеттік бағдарламаларды, мемлекеттік тапсырмаларды, инвестициялық жобалар мен бағдарламаларды, ғылыми-техникалық жобаларды іске асыруды жүзеге асыратын және дербес құрылымдық бөлімше басшысынан төмен емес лауазымды атқаратын Қоғамның қызметкерлері жатады.

Қоғамның қызметкерін «мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адам» ұғымына жатқызу туралы шешім қызметтік өкілеттіктердің шеңбері мен мазмұнын, сондай-ақ қызметкердің лауазымдық

мәртебесін айқындайтын ұйымның лауазымдық нұсқаулықтары мен басқа да ішкі құжаттарын талдау негізінде қабылдануы тиіс.

27. «Жеке тұлғаның активтері мен міндеттемелері туралы декларацияның нысанын және оны жасау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 21 маусымдағы № 617 бұйрығының 1-тарауының 2) тармақшасына сәйкес 2023 жылдан бастап жеке тұлғаның активтері мен міндеттемелері туралы декларацияны (250.00-нысан немесе «кіріс» декларациясы) 2022 жылғы 31 желтоқсанға квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметкерлері (және олардың жұбайлары) болып табылатын жеке тұлғалар ұсынады. Бұдан әрі, келесі жылдары аталған тұлғалар 270.00 нысанындағы декларацияны тапсырады.

Кірістер мен мүлік туралы декларация Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес жасалады және Қазақстан Республикасының салық заңнамасында айқындалған нысан бойынша, тәртіппен және мерзімдерде ұсынылады.

Активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны және (немесе) кірістер мен мүлік туралы декларацияны ұсынбау немесе егер жасалған әрекетте қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, мұндай декларацияларда толық емес, анық емес мәліметтерді ұсыну Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген жауаптылыққа әкеп соғады.

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер

28. Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдар, сондай-ақ аталған функцияларды орындауға уәкілеттік берілген кандидаттар болып табылатын адамдар өз өкілеттіктерін жеке, топтық және өзге де қызметтік емес мүдделерде пайдалануына әкеп соғуы мүмкін іс-әрекеттер жасауына жол бермеу мақсатында өзіне заңда белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы келесі шектеулерді қабылдайды:

1) жақын туыстарының, жұбайлары мен жекжаттарының бірлескен қызметіне (жұмысына) жол бермеу;

2) мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе пайда алу мақсатында ресми таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдалану;

3) егер мұндай іс-әрекеттер осы тармақта көрсетілген адамдардың қызметтік өкілеттіктеріне кіретін немесе лауазымдық жағдайына байланысты бұл адамдар мұндай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал етуі мүмкін болса, оларды ұсынған адамдардың пайдасына іс-әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін материалдық сыйақыны, сыйлықтарды немесе көрсетілетін қызметтерді қабылдау.

29. 28-тармақта көрсетілген адамдардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдауға келісімін кадр жұмысы жөніндегі қызметкер жазбаша нысанда (1-қосымшаны қараңыз) тіркейді және жеке ісіндегі немесе тиісті номенклатуралық істегі құжаттарға қоса тіркеледі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдамау лауазымға қабылдаудан бас тартуға не лауазымнан босатуға (лауазымнан шеттетуге) әкеп соғады, қылмыстық жазаланатын іс-әрекет және әкімшілік құқық бұзушылық белгілері болмаған жағдайларда оларды сақтамау тиісті қызметті тоқтату үшін негіз болып табылады.

28-тармақта көрсетілген адамның отбасы мүшелері, егер мұндай әрекеттер (әрекетсіздік) осы адамның қызметтік өкілеттігіне кірсе не ол өзінің лауазымдық жағдайына байланысты осындай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал етуі мүмкін болса, материалдық сыйақы, сыйлықтар немесе қызметтер көрсеткен адамдардың пайдасына осы адамның әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін берілетін материалдық сыйақыны, сыйлықтарды немесе көрсетілетін қызметтерді алуға құқылы емес.

28-тармақта көрсетілген адамның отбасы мүшелері деп оның жұбайы (зайыбы), ата-анасы, балалары, оның ішінде кәмелетке толған балалары және асырауындағы және онымен тұрақты тұратын адамдар түсініледі.

30. 28-тармақта көрсетілген адамдардың және (немесе) олардың отбасы мүшелерінің шотына олар білместен түскен ақша, сондай-ақ олар 28-тармақтың 3) тармақшасын бұза отырып алған қаражат олар анықталғаннан кейін екі аптадан аспайтын мерзімде республикалық бюджетке аударылуға жатады, бұл туралы тиісті мемлекеттік кіріс органына мұндай қаражаттың түсу жағдайлары туралы түсініктеме беріледі.

28-тармақта көрсетілген адамдардың және (немесе) олардың отбасы мүшелерінің хабарынсыз келіп түскен, сондай-ақ олар 28-тармақтың 3) тармақшасын бұза отырып алған сыйлықтар сыйлық алған не 28 тармақта көрсетілген адамға сыйлық алу туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік жеті күн ішінде мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органға өтеусіз беруге жатады, ал көрсетілген тұлғаларға көрсетілген қызметтер дәл осындай жағдайларда қызмет көрсетілген күннен бастап күнтізбелік жеті күн ішінде не 28-тармақта көрсетілген адамға қызмет көрсету туралы белгілі болған күннен бастап республикалық бюджетке ақша аудару жолымен төленуі тиіс.

7. Мүдделер қақтығысы

31. Мүдделер қақтығысы – бұл іскерлік, қаржылық, отбасылық, саяси немесе жеке мүдделер қызметкерлердің Қоғамдағы кәсіби міндеттерін орындауына кедергі болатын жағдай. Осы түсінікті баяндалған тұжырымдамаға сүйене отырып, мүдделер қақтығысының алдын-алу сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың алдын-алу шарасы және басқару процесінің негізгі бөлігі болып табылады. Сондықтан Қоғамда мұндай жағдайларды болдырмау мақсатында тұрақты мониторинг жүргізу қажет.

Қоғамдағы мүдделер қақтығысын реттеу жұмысы келесі қағидаттарға негізделген:

1) ықтимал немесе туындаған мүдделер қақтығысы туралы мәліметтерді ашу міндеттілігі;

2) әрбір мүдделер қақтығысы анықталған кезде Қоғам үшін бедел тәуекелдерін жеке қарау және бағалау және оны реттеу;

3) мүдделер қақтығысы туралы мәліметтерді ашу процесінің және оны реттеу процесінің құпиялылығы;

4) мүдделер қақтығысын реттеу кезінде Қоғам мен қызметкер мүдделерінің теңгерімін сақтау;

5) қызметкер уақтылы ашқан және Қоғам реттеген (алдын алған) мүдделер қақтығысы туралы хабарлаған қызметкерді қудалаудан қорғау.

32. Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелеріне, Қоғамның жауапты тұлғаларына, егер мүдделер қақтығысы болса, лауазымдық міндеттерді жүзеге асыруға тыйым салынады.

Аталған адамдар мүдделер қақтығысын болғызбау және шешу жөнінде шаралар қабылдауы тиіс және мүдделер қақтығысы туындағаны туралы немесе оның туындау мүмкіндігі туралы тікелей басшыны не сатылас басшылықты жазбаша нысанда хабардар етуге міндетті.

33. Тікелей басшы не сатылас басшылық 32-тармақта көрсетілген адамдардың өтініштеріне немесе басқа көздерден ақпарат алған кезде мүдделер қақтығысының алдын алу және реттеу бойынша мынадай шараларды уақтылы қабылдауға міндетті:

1) 32-тармақта көрсетілген адамдарды лауазымдық міндеттерін атқарудан шеттетуге және мүдделер қақтығысы туындаған немесе туындауы мүмкін мәселе бойынша лауазымдық міндеттерін атқаруды басқа адамға тапсыруға;

2) лауазымдық міндеттерін өзгертуге;

3) мүдделер қақтығысын жою бойынша өзге де шаралар қабылдауға міндетті.

34. Мүдделер қақтығысы Қоғам қызметкерінің (Қоғам қызметкерінің туыстары мен достарының) жеке қызығушылығы (тікелей немесе жанама) Қоғамның, акционерлердің, үшінші тұлғалардың немесе мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделеріне зиян келтіруге қабілетті лауазымдық міндеттерін орындаудың объективтілігі мен адалдығына әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін жағдайда туындайды. Мұндай жағдайлар міндетті түрде орынсыз немесе сыбайлас жемқорлық мінез-құлқымен байланысты емес, бірақ бұзушылықтарға әкелуі мүмкін факторлар ретінде қарастырылуы керек.

Жеке мүдделілік деп қызметкердің өзінің лауазымдық міндеттерін орындамағаны немесе жосықсыз орындағаны үшін үшінші тұлғалардан ақшалай қаражат, құндылықтар, өзге де мүлік немесе мүліктік сипаттағы қызметтер, өзі үшін немесе үшінші тұлғалар үшін өзге де мүліктік құқықтар немесе пайда алу мүмкіндігі түсініледі.

Мүдделер қақтығысы туыстарының бірлескен жұмысы және/немесе қызметкерлердің, олардың туыстарының жарғылық капиталдарға және үшінші тұлғалардың басқару органдарына қатысуы, олардың кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруы немесе қызметкерлердің Қоғамнан тыс басқа да ақылы қызметті біріктіруі кезінде туындауы мүмкін.

Қоғам ішкі және сыртқы мүдделер қақтығысының қаупін анықтап, бағалауы керек және барлық жағдайларды, бар немесе мүмкін мүдделер қақтығысын есепке алуы керек.

Қоғамның әрбір қызметкері тікелей басшыға олардың жұмысына тікелей және жанама қатысы бар отбасылық, қаржылық немесе өзге де байланыстар сияқты кез келген нақты немесе ықтимал мүдделер қақтығысы туралы хабарлауға міндетті. Бұл персонал параның алдын алуға немесе оны хабарлауға ықпал етуі немесе елемейтін мүмкін, мысалы, Қоғамның сатып алу менеджері жеткізушінің сату менеджерімен байланысқан жағдайларды анықтауға көмектеседі.

35. Мүдделер қақтығысын болдырмау, алдын алу және реттеу мақсатында Қоғам қызметкерлері:

1) Қоғамда белгіленген рәсімдер мен ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес туындаған мүдделер қақтығысы туралы немесе оның туындау ықтималдығы туралы ақпаратты олар бұл туралы білген бойда ашуға;

2) мүдделер қақтығысының туындауының кез келген мүмкіндігіне жол бермеу жөнінде шаралар қабылдауға;

3) өзінің функционалдық міндеттерін жүзеге асыру кезінде мүдделер қақтығысының туындау қаупін барынша азайтуға міндетті.

36. Басшылық өздеріне қатысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің деңгейі төмен деңгейден асатын шешімдер қабылдау үшін персоналға өкілеттіктер берген жағдайларда, өкілеттіктерді беретін адам өкілеттіктерді қабылдайтын адамда нақты және ықтимал мүдделер қақтығысының болуын бағалауға міндетті.

Мүдделер қақтығысының болуы және оны бақылау үшін қолданылатын шаралар туралы ақпарат мүдделер қақтығысын басқаруды регламенттейтін қоғамның тиісті номенклатуралық ісінде құжатталады және сақталады.

37. Қоғамның СЖҚКҚ мүдделер қақтығысын болдырмау, алдын алу және реттеу мақсатында мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу саясатын әзірлейді, онда мүдделер қақтығысын басқару процесіне барлық қатысушылардың алдын алу және реттеу жөніндегі шаралар, сондай-ақ жауапкершілігі көрсетіледі. Мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу саясаты Директорлар кеңесінің шешімімен бекітіледі.

38. Қоғам туындаған мүдделер қақтығысы туралы немесе оның туындау мүмкіндігі туралы хабарлама шеңберінде келіп түскен ақпаратты құпия қарау міндеттемесін өзіне алады.

8. Контрагенттермен өзара іс-қимыл жасау кезінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі шаралар

39. Контрагенттермен өзара іс-қимыл кезінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі жұмыс келесі бағыттар бойынша жүргізіледі:

1) іскерлік (шаруашылық) қатынастарды сапалы және адал негізде жүргізетін, өз беделіне нұқсан келтірмеуді ойлайтын, шаруашылық қызметті жүргізу кезінде жоғары этикалық стандарттарды қолдайтын, сыбайлас жемқорлыққа

қарсы іс-қимыл бойынша өз шараларын іске асыратын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұжымдық бастамаларға қатысатын контрагенттермен іскерлік (шаруашылық) қатынастарды орнату және сақтау;

2) контрагенттермен қарым-қатынас барысында ұйымды сыбайлас жемқорлық қызметіне және өзге де жосықсыз практикаларға тарту тәуекелін төмендету мақсатында контрагенттерді тексерудің арнайы рәсімдерін енгізу (әлеуетті контрагенттер: олардың іскер топтардағы беделі, нарықтағы қызмет ұзақтығы, сыбайлас жемқорлық жанжалдарына қатысу және т.б. туралы ашық қолжетімді мәліметтерді жинау және талдау);

3) Қоғамда қолданылатын сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және оған қарсы іс-қимылға бағытталған бағдарламаларды, саясаттарды, мінез-құлық стандарттарын, рәсімдер мен қағидаларды контрагенттер арасында тарату;

4) контрагенттермен жасалатын шарттарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды сақтау туралы ережелерді (сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескерту) енгізу.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпені пайдалану (2-қосымшаны қараңыз) тараптар арасындағы сенімді сақтауға және шарттар жасасу кезінде де, орындау кезінде де сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға көмектеседі.

40. Қоғам сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастардың тәуекелін азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, ол үшін контрагенттердің парақорлыққа төзімділігін бағалау, оның ішінде олардың өздерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттарының немесе рәсімдерінің болуын тексеру, олардың осы саясаттың талаптарын сақтауға және шарттарға ескертпелерді енгізуге, сондай-ақ бизнесті этикалық жүргізу және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу үшін өзара жәрдем көрсетуге дайындығын бағалау жүргізіледі.

Контрагенттермен іскерлік қатынастар орнату ниеті кезінде шарттың және/немесе өзге келісімнің бастамашысы осы Саясаттың 41-тармағында келтірілген «тәуекел факторларының» бар-жоғына тексеру жүргізуі қажет.

«Тәуекел факторлары» анықталған жағдайда шарттың және/немесе өзге де келісімнің бастамашысы тиісті шешім қабылдау үшін міндетті түрде Қоғамның жетекшілік ететін басшылығының назарына жеткізуі қажет.

41. Контрагенттермен өзара іс-қимыл жасау кезіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің факторлары:

1) бұрын болған қаржылық дәрменсіздік немесе банкроттық жағдайлары;
2) теріс аудиторлық қорытынды беру жағдайлары;
3) парақорлық немесе өзге де сыбайлас жемқорлық қызметі үшін айыптау бойынша сотқа дейінгі тексерулер немесе сот талқылаулары туралы ақпараттың болуы;

4) шарт жасасу жоспарланып отырған контрагенттің біліктілігінің, тиісті тәжірибесінің болмауы, шартты орындау үшін қажетті лицензиялардың немесе рұқсаттардың болмауы не контрагенттің шарт талаптарын орындауына кедергі келтіруі мүмкін басқа да факторлардың болуы;

- 5) өнімнің/қызметтердің құны нарықтық құннан едәуір жоғары немесе төмен болуы;
- 6) контрагентпен жасалған шарт қажетті құжаттармен расталмаған және негізсіз жоғары болып табылатын шығыстарды өтеуді көздейді;
- 7) контрагентпен жасалған шарт қызметтер көрсетілген немесе контрагент тіркелген елдерден басқа елдерде ашылған шоттарға өнімді/қызметтерді төлеуге қаражат аударуды көздейді;
- 8) контрагентпен жасалған шарт өнім/қызмет ақысын қолма-қол төлеуді көздейді;
- 9) Қоғамның жоғары басшылығының құрамына кіретін мемлекет немесе тұлға контрагенттің меншік иесі не бенефициары болып табылады;
- 10) контрагент мемлекеттік ұйымдармен немесе лауазымды адамдармен үлестес болып табылады;
- 11) контрагентпен өзара іс-қимылды Қоғамның жоғары басшылығының құрамына кіретін адам немесе Қоғамның жауапты адамымен ұсынылған;
- 12) контрагент делдалдарды тартуды ұсынады;
- 13) мүдделер қақтығысының болуы;
- 14) контрагент бағалау рәсімдерін жүргізу үшін қажетті ақпаратты беруден бас тартады;
- 15) басқа факторлар.

9. Іскерлік сыйлықтар мен іскерлік қонақжайлылық белгілерімен алмасу. Өкілдік шығындар

42. Қоғам іскерлік сыйлықтар, корпоративтік қонақжайлылық, өкілдік іс-шаралар тек іскерлік қатынастарды орнату және қолдау құралы ретінде және Қоғамның шаруашылық және өзге де қызметі барысында жалпы қабылданған сыпайылықтың көрінісі ретінде қарастырылатын корпоративтік мәдениетті қолдауға ниетті.

Іскерлік сыйлықтармен алмасу және өкілдік шығыстарды жүзеге асыру, оның ішінде Қоғамның үшінші тұлғалармен іскерлік қонақжайлылығы:

- 1) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы нормаларының талаптарына, Қоғамның өкілдік мәселелер жөніндегі ішкі құжаттарына толық сәйкес келуі;
- 2) ақылға қонымды негізделген, мөлшерлес болуға, қолма-қол немесе қолма-қол ақшасыз ақша қаражаты, бағалы қағаздар, бағалы металдар болып табылмауы және ақша қаражатының өзге де түрлерін немесе баламаларын білдірмеуі және сәнді заттар болып табылмауы;
- 3) қызметке, әрекетке, әрекетсіздікке, жол бермеуге, қамқоршылыққа, айқын артықшылық немесе құқық беруге, мәміле, келісім, лицензия, рұқсат және т. б. туралы белгілі бір шешім қабылдауға немесе алушыға заңсыз немесе этикалық емес мақсатта ықпал етуге тырысуға жасырын сыйақы ұсынбауы;

4) Қоғам немесе оның жұмыскерлері үшін іскерлік беделін жоғалтуға әкеп соғуы мүмкін тәуекел туғызбауы тиіс.

43. Қоғам жүзеге асыратын сатып алулардың кез келген әлеуетті қатысушысынан сыйлықтар мен қонақжайлылық белгілерін қабылдауға тыйым салынады.

Іскерлік сыйлыққа немесе іс-шараға осы Саясаттың талаптарына сәйкес күмән туындаған кезде Қоғамның қызметкері атқаратын лауазымына және атқаратын функциясына қарамастан, тікелей басшымен және СЖҚКҚ-мен кеңесу керек.

44. Саяси және қайырымдылық қайырмалдықтарға, демеушілікке, жарнамалық шығындарға және қоғамдық сатып алуларға қатысты қоғам енгізетін рәсімдер мыналарға бағытталуы керек:

1) ықпал етуге бағытталған немесе сатып алу (Конкурс, тендер) жөніндегі шешімге немесе Қоғамның пайдасына өзге де шешімдерге негізді түрде ықпал етуге бағытталған деп бағалануы мүмкін төлемдерге тыйым салу;

2) қоғамдық ұйымға, саяси партияға, қайырымдылық қоғамына немесе басқа төлем алушыға олардың заңды және пара алу арнасы ретінде пайдаланылмауын қамтамасыз ету үшін кешенді тексеру жүргізу (бұған, мысалы, интернеттегі дереккөздерді зерттеу немесе саяси партия немесе қайырымдылық қоғамының басшыларының пара немесе осыған ұқсас қылмыстық әрекеттерден зардап шеккен беделге ие екендігіне немесе ұйымның жобалары мен оның тұтынушыларына қатысы бар-жоғын тексеру үшін басқа да тиісті сұраулар кіруі мүмкін);

3) тиісті басшының төлемді мақұлдайтынына кепілдік;

4) төлемді жария түрде ашу талабы;

5) төлемнің қолданыстағы заңнамаға және регламенттерге сәйкес рұқсат етілгеніне кепілдік береді;

6) келісімшарт бойынша келіссөздер барысында немесе одан кейін бірден төлемдерді алып тастау.

45. Қоғамның жоғары басшылығының құрамына кіретін адамның, Қоғамның жауапты тұлғасының сапарға ақы төлеуіне қатысты Қоғам енгізетін рәсімдер мыналарға бағдарлануға тиіс:

1) төлемге қолданыстағы заңнамамен және регламенттермен рұқсат етілгеніне кепілдік;

2) сапардың қызметтік қажеттілік шеңберінде Қоғамның функциялары мен міндеттерін іске асыру үшін қажет екендігіне кепілдік;

3) төлемді қоғам басшысы мақұлдағанына кепілдік;

4) сапардың негізделген маршрутына тікелей байланысты сапарға, орналастыруға және тамақтануға ақы төлеуге қажетті төлемдерді шектеу;

5) сыйлықтар мен өкілдік шығыстар бөлігінде қоғамның саясатына сәйкес тиісті өкілдік шығыстарды ақылға қонымды деңгеймен шектеу;

6) отбасы мүшелері мен достарының шығыстарын төлеуге тыйым салу;

7) еңбек демалысына және демалуға байланысты шығыстарды төлеуге тыйым салу.

46. Қоғам сыйлықтарды ұсынуды немесе қабылдауды, шығындарды төлеуді, қайырымдылықты төлеуді және осындай артықшылықтарды алуды, егер мұндай ұсыныс немесе оны қабылдау пара болса немесе пара ретінде қарастырылуы мүмкін болса, оны болдырмау мақсатында әзірленген процедураларды жүзеге асыруға міндетті.

Артықшылықтар мыналарды қамтуы мүмкін, мысалы:

1) сыйлықтар, ойын-сауық іс-шараларына ақы төлеу, тамақтану, жол жүру, тұру және т. б.;

2) саяси және қайырымдылық мақсаттарға қайырмалдықтар;

3) клиенттің немесе көпшілік лауазымды адамның сапарына ақы төлеу;

4) жарнамалық шығындар;

5) демеушілік;

6) қоғамдық сатып алулар;

7) оқыту;

8) клубқа мүшелік;

9) бизнес саласындағы жеке қамқоршылық;

10) құпия немесе артықшылықты сипаттағы ақпарат.

47. Сыйлықтар мен өкілдік шығыстарға қатысты Қоғам енгізген рәсімдер келесілерді белгілеуі тиіс:

1) кез келген сыйлықтар мен өкілдік шығыстарға толық тыйым салу немесе сыйлықтар мен өкілдік шығыстарға рұқсат беру есебінен сыйлықтар мен өкілдік шығыстардың көлемі мен жиілігін бақылау, бірақ оларды келесі белгілері бойынша шектеу:

- максималды сома (ол аймаққа немесе сыйлық түріне және өкілдік шығындарға байланысты өзгеруі мүмкін);

- жиілік (салыстырмалы түрде аз сыйлықтар мен өкілдік шығындар бірнеше рет қайталанған кезде айтарлықтай мөлшерде жиналуы мүмкін);

- уақытты таңдау (мысалы, бірден келісімшарт бойынша келіссөздер кезінде немесе одан кейін);

- қолайлылық (өңірдің, саланың ерекшеліктерін және беруші немесе қабылдаушы дәрежесін есепке алу);

- қабылдаушының ерекшеліктері (мысалы, ол келісімшарттар жасаса немесе рұқсаттарды, сертификаттарды немесе төлемдерді мақұлдаса);

- барабарлық (ұйымда ешкім сыйлықтарды немесе алғыс белгілерін өзі бере алатыннан артық қабылдай алмайды);

- заңнамалық және нормативтік орта (кейбір өңірлер мен ұйымдарда тыйым салу немесе бақылау тетіктері қолданылуы мүмкін);

2) сыйлықтар алғанға дейін және құны немесе жиілігі асып кеткен кезде шығыстарды төлегенге дейін тиісті басшының мақұлдауын талап ету;

3) сыйлықтар мен шығыстарды төлеу құны немесе жиілігі асып кеткен кезде тиісті құжаттамамен (мысалы, тізілімде немесе бухгалтерлік есеп шоттарында) және бақылаумен ашық түрде ұсынылуы талап етіледі.

Осы шараларды қабылдау және сақтау сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама нормаларының бұзылуын болдырмауға, үшінші тұлғалардың еңбек міндеттерін атқару кезінде Қоғам басшысының және қызметкерлердің қызметіне ықпал етуіне; Қоғамның имидждік шығындарын барынша азайтуға; іскерлік сыйлықтардың рөлі мен орнын, корпоративтік қонақжайлылықты, Қоғамның іскерлік тәжірибесіндегі өкілдік іс-шараларды біркелкі түсінуді қамтамасыз етуге; қоғамның барлық қызметкерлері үшін іскерлік сыйлықтар беруге және қабылдауға, өкілдік іс-шараларды ұйымдастыруға және қатысуға қойылатын бірыңғай талаптарды айқындауға; сыйлықтар, өкілдік іс-шаралар саласындағы ықтимал теріс пайдаланумен байланысты тәуекелдерді азайтуға мүмкіндік береді.

48. Қоғам сыйлықтар, өкілдік шығыстар, қайырымдылықтар және басқа да төлемдерді үшінші тарап (мысалы, бәсекелестер, баспасөз, прокурор немесе судья) тіпті егер беруші де, қабылдаушы да мұндай мақсаттарды көздеме де, пара ретінде қабылдауы мүмкін екендігі туралы хабардар болуы тиіс. Осылайша, бақылаудың пайдалы механизмі үшінші тарап пара ретінде негізді түрде қабылдауы мүмкін кез келген сыйлықтардан, өкілдік шығындардан, қайырымдылықтардан және басқа төлемдерден мүмкіндігінше аулақ болу болып табылады.

10. Персоналды басқару саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары

49. Жұмысқа қабылдау, персоналдың қызметін бағалау, қызметкерлерді ілгерілету және жұмыстан шығару кезіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында персоналды басқару саласындағы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алудың негізгі шаралары мыналар болып табылады:

1) персоналды іріктеу мен жалдаудың ашық және қолжетімді рәсімдерін қолдану және лауазымдарға тиісті біліктілік талаптарының болуы;

2) Қоғамға жұмысқа қабылдауды конкурстық негізде немесе бос лауазымға кандидатпен/-тармен алдын ала әңгімелесумен жүзеге асыруға құқылы. Әңгімелесуді Қоғамның тиісті комиссиясы жүргізуі тиіс, оның шешімдері құжатталады;

3) заңнамада белгіленген қаржылық шаралар мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтау;

4) Қоғамның бос лауазымдарына түсу кезінде кандидаттарды сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасау мәніне тексеру;

5) меритократия қағидаты бойынша қызметкердің іскерлік қасиеттері мен құзыретін негізге ала отырып, жоғары тұрған лауазымға қызмет бабында ілгерілету;

6) еңбек заңнамасы шеңберінде ғана еңбек қатынастарын бұзу рәсімін жүзеге асыру;

7) Қоғамның ұйымдық-функционалдық құрылымын әзірлеу немесе өзгерту кезінде мүдделер қақтығысын болдырмау үшін өкілеттіктерді бөлу және авторизациялау мәніне талдау;

8) сыйақы беру жүйесін, нысаналы көрсеткіштерді және еңбекақы төлеу жүйесінің өзге де ынталандырушы элементтерін сыбайлас жемқорлықты көтермелемеу үшін оларда қолайлы қорғау шараларын айқындау және белгілеу мақсатында мерзімді қайта қарау.

50. Азаматтардың Қоғамға жұмысқа орналасу үшін жариялылық, ашықтық және қолжетімділіктің тең құқығы қағидаттарын қамтамасыз ету, сыбайлас жемқорлық тәуекелі болып табылатын жеке-дара шешім қабылдауды болдырмау мақсатында, сондай-ақ мүдделер қақтығысын болғызбау және шешу мақсатында жұмысқа қабылдауды конкурстық негізде не бос лауазымдарға кандидаттармен алдын ала әңгімелесу өткізетін конкурстық комиссияның шешімі негізінде жүзеге асыру қажет. Комиссияның шешімі кандидатты міндетті түрде таныстыра отырып, хаттама нысанында және жазбаша нысанда шығарылады.

51. Заңнамада белгіленген қаржылық шаралардың және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулердің сақталуы қағаз жеткізгіштегі тиісті құжаттармен расталады, олар Қоғам қызметкерінің жеке іс материалдарына қоса тіркеледі:

1) кірістер мен мүлік туралы жыл сайынғы декларацияны ұсынған кезде - тиісті ақпараттық жүйелерден белгіленген нысандағы анықтама;

2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер қабылданған кезде - белгіленген нысандағы жазбаша келісім.

Көрсетілген қаржылық шара табыс және мүлік туралы декларацияны ұсынуға заңмен уәкілеттік берілген жұмыс істейтін адамдарға ғана емес, тиісті лауазымдарға түскен кезде кандидаттарға да қолданылады және әрекет етеді.

52. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Еңбек кодексінің (бұдан әрі – ҚР ЕК) 32-бабының 3-тармағына сәйкес квазимемлекеттік сектор субъектілеріне жұмысқа орналасу кезінде адам сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтердің бар не жоқ екендігі туралы анықтама ұсынады.

ҚР ЕК 26 - бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамды квазимемлекеттік сектор субъектілеріне жұмысқа орналастыруға жол берілмейді.

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V Кодексінің 681-бабына сәйкес бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған адамдарды жұмысқа қабылдағаны үшін квазимемлекеттік сектор субъектілерінің басшыларына әкімшілік жауапкершілік көзделген.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды болдырмау мақсатында және Қоғамға жұмысқа қабылдау кезінде еңбек заңнамасының талаптарын орындау үшін, еңбек шарты жасалғанға дейін, бос лауазымға үміткер тұлғадан міндетті түрде, басқа да құжаттар қатарында тиісті мазмұны бар анықтама (кандидаттың сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны/жасамағаны туралы мәліметтер) талап етіледі.

Анықтаманы Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі аумақтық органы жеке өзі жүгінген

«Электр энергетикасын дамыту және энергия үнемдеу институты (Қазақэнергиясараптама)» АҚ	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты	СМЖ.ДП.01.04 Өзгерту: 01 Күні: 27.07. 2017 г. 36 беттен 30-бет
---	--	---

кезде не «eOtinish» ақпараттық жүйелері мен мобильді қосымшалары арқылы береді.

Анықтамалардың нәтижелері бос лауазымдарға үміткерлерді тағайындау туралы шешім қабылдау кезінде пайдаланылуы тиіс. Тексерудің теріс нәтижелері болған кезде үміткерді таңдау туралы шешім қабылданған шешімнің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында дәлелденуі және құжатталуы тиіс.

53. Қоғам сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті әзірлеу, енгізу, оның жұмыс істеуі және оны ұдайы жақсарту үшін қажетті ресурстарды айқындауы және қамтамасыз етуі тиіс. Қоғамның ұйымдық-функционалдық құрылымын әзірлеу кезінде мүдделер қақтығысын болдырмау үшін өкілеттіктерді бөлу және авторизациялау тұрғысынан талдау жүргізіледі. Мұндай талдаудың нәтижелері ұйымдық құрылымды бекіту кезінде Қоғам Басқармасының назарына жеткізіледі.

Персоналды іріктеу және ілгерілету рәсімдері шеңберінде қызметкерлердің әртүрлі жағдайларда қабылданатын шешімдердің әдептілігі туралы пайымдауларын, сондай-ақ сыртқы үміткерлер үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнаманы және ішкі үміткерлер үшін ішкі саясатты білуі мен түсінуін бағалау жүргізіледі.

54. Барлық персоналға қатысты Қоғам төмендегілерді қамтамасыз ету үшін рәсімдерді енгізуі керек:

1) еңбек шартының талаптары сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатына сәйкестік талабын қамтыды және Қоғамға бұзушылықтар болған жағдайда персоналға тәртіптік ықпал ету шараларын қолдануға құқық берді;

2) қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарында Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын сақтау және Қоғам басшылығына, СЖҚКҚ-ға және (немесе) құқық қорғау органдарына өзіне белгілі болған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары туралы дереу хабарлау міндеті туралы жазылған;

3) қызметкер жұмысқа кіріскеннен кейін қолайлы мерзімде олар Саясаттың көшірмесін немесе оған қол жеткізе алды;

4) қызметкерлер жазалауға ұшырамады (мысалы, лауазымын төмендету, жоғарылауға кедергі жасау, тәртіптік шаралар, ауыстыру, жұмыстан шығару, қорқыту және қудалау):

а) кез келген операцияға қатысудан бас тартқаны үшін, олар Қоғаммен төмендетілмеген сыбайлас жемқорлық тәуекелінің төмен деңгейінің болуын негізді түрде ұсынды;

б) адал ниетпен немесе сыбайлас жемқорлықтың нақты немесе болжамды жағдайларының немесе Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын бұзушылықтардың бар екендігіне шынайы сенімділікпен жасалған хабарламалар үшін (адамның өзі бұзушылыққа қатысқан жағдайларды қоспағанда).

55. Қызметкерлердің еңбегін ынталандыру жүйесі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша маңызды мәнге ие. Ынталандыру тетіктері, соның ішінде сыйлықақылар, бонустар мен жеңілдіктер қызметкердің/-лердің байқаусызда параға қатысуына себепші болуы мүмкін. Қоғам қызметкерлерін ынталандыру жүйесі

«Электр энергетикасын дамыту және энергия үнемдеу институты (Қазақэнергиясараптама)» АҚ	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты	СМЖ.ДП.01.04 Өзгерту: 01 Күні: 27.07. 2017 г. 36 беттен 31-бет
---	--	---

мотивациялық құралдардың қызметкерлердің белгіленген көрсеткіштерге қол жеткізу үшін пара беруге дайындығына теріс әсерін азайту үшін құрылуы керек.

Қызметкердің/-лердің қызметін бағалау және сыйақылар (сыйлықақылар, бонустар) төлеу саралау қағидатын ескере отырып, жұмыстың дербес түйінді көрсеткіштерінің және кәсіби жетістіктердің нәтижелілігі негізге алына отырып жүргізілуі тиіс.

11. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарламалар және олар бойынша қызметтік тергеулер

56. Дайындалып жатқан, жасалып жатқан немесе жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы белгілі болған Қоғамның қызметкері өзінің тікелей басшысын және Қоғамның СЖҚКҚ дереу хабардар етуге не «1424» сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның «жедел желісіне» немесе ол туралы ақпарат Қоғамның интернет-ресурсында орналастырылған Қоғамның «сенім» телефон нөміріне хабарлауға міндетті.

57. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы келіп түскен барлық хабарламалар тиісті журналда дереу тіркеледі және Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасының назарына жеткізіледі.

Кез-келген жағдай анықталғаннан кейін Қоғам мен СЖҚКҚ басшылығы белгілі болған фактілерді және жағымсыз салдардың туындау мүмкіндігін бағалауы керек. Егер оларда шешім қабылдау үшін жеткілікті фактілер болмаса, олар тергеуді бастауы керек.

58. Тергеп-тексеруді СЖҚКҚ жүргізеді, ал СЖҚКҚ қызметкері сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған жағдайда, тергеп-тексеруді осы мәселемен байланысты емес адамға жүргізу тапсырылады. Бұл ішкі аудит қызметі, тиісті басшы немесе тиісті үшінші тарап болуы мүмкін. Тергеу жүргізетін адам тергеуді тиімдірек ету үшін тиісті өкілеттіктерге, ресурстарға және Қоғам басшылығына қол жеткізе алуы керек. Тергеу жүргізетін адам оқудан өткен немесе тергеу жүргізуде жинақталған тәжірибесі бар болғаны дұрыс.

Қызметтік тергеп-тексеруді жүргізуге тергеп-тексеру нәтижелеріне мүдделі емес басқа құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлері қатыса алады. Қызметтік тергеп-тексеру Басқарма Төрағасының немесе оның міндетін атқарушы адамның бұйрығы негізінде жүргізіледі.

Тергеу ақылға қонымды мерзімде жүргізілуі керек, фактілерді толығымен анықтап, келесі жолдармен барлық қажетті куәліктерді жинау керек, мысалы:

- 1) фактілерді анықтау үшін сұрау салулар;
- 2) барлық тиісті құжаттар мен өзге де куәліктерді біріктіру;
- 3) куәлардың айғақтарын алу;
- 4) мүмкін және орынды болған кезде, жағдай туралы жазбаша түрде жазылған және оларды жазғандар қол қойған есептерді сұрату.

59. Тергеу және кез келген кейінгі әрекеттер кезінде Қоғам тиісті факторларды ескеруі керек. Мысалы:

- 1) қолданыстағы заңнама (заңгерлік кеңес қажет болуы мүмкін);
- 2) персоналдың қауіпсіздігі;
- 3) есепті қалыптастыру кезінде беделін түсіру тәуекелі;
- 4) есептерді қалыптастыратын адамдарды және оған тартылған немесе есепте аты аталған барлық адамдарды қорғау;
- 5) Қоғам мен жеке тұлғалар үшін ықтимал қылмыстық немесе азаматтық жауаптылық, қаржылық шығындар немесе беделге нұқсан келтіру;
- 6) Қоғамның уәкілетті мемлекеттік органдарға хабарлауы үшін кез келген заңды міндеттеме немесе ынталандырушы уәждер;
- 7) жағдайға және тергеуге қатысты фактілер анықталғанға дейін құпиялылықты сақтау;
- 8) Қоғам басшылығы үшін тергеу барысында персоналдан толық ынтымақтастықты талап ету қажеттілігі.

60. Қызметтік тергеп-тексеру қорытындылары бойынша дайындалып жатқан, жасалатын немесе жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі бойынша істің барлық мән-жайларын егжей-тегжейлі сипаттай отырып, осы фактіні шешу бойынша тиісті дәлелді қорытындымен, сондай-ақ ықтимал немесе орын алған теріс салдардың алдын алу және/немесе жою жөніндегі шаралар туралы анықтама қалыптастырылады.

Тергеу нәтижелері Директорлар кеңесіне, Қоғам Басқармасына немесе СЖҚКҚ-ға (жағдай бойынша) берілуі тиіс. Егер нәтижелер Қоғам Басқармасына берілсе, егер тергеуді СЖҚКҚ жүргізбесе, оларға да берілуі керек.

Тергеу аяқталғаннан кейін және/немесе шешім қабылдау үшін ақпарат жеткілікті болғаннан кейін Қоғам тиісті шараларды қабылдауы тиіс. Мән-жайларға және жағдайдың ауырлығына байланысты олар келесі тізімдегі бір немесе одан да көп әрекеттерді қамтуы мүмкін:

- 1) Қоғамның жобаға, мәмілеге немесе байланыстарға қатысуын тоқтату, одан шығу немесе өзгерту;
- 2) кез келген заңсыз алынған төлемдерді өтеу немесе қайтару;
- 3) жауапты персоналға тәртіптік әсер ету (бұл жағдайдың ауырлығына байланысты елеусіз бұзушылық үшін ескертуден елеулі теріс қылық үшін жұмыстан шығаруға дейін өзгеруі мүмкін);
- 4) жағдай туралы уәкілетті мемлекеттік органдарды хабардар ету;
- 5) егер пара орын алған болса, кез келген ықтимал кейінгі құқық бұзушылықтарға (мысалы, пара шоттарда әдейі дұрыс көрсетілмеген кезде орын алуы мүмкін дұрыс емес есептерді ұсыну, пара табыстан заңсыз шегерілген кезде салықтық бұзушылықтар немесе қылмыстық әрекеттен түскен кірістер айналысқа түскен кезде ақшаны жылыстату) қатысты іс-әрекеттер жасау.

61. Егер қызметтік тергеп-тексеру нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық фактісі анықталған жағдайда, еңбек қатынастарын бұзуға және материалдарды тиісті уәкілетті мемлекеттік органдарға беруге дейін сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне нөлдік төзімділік қағидатын негізге ала отырып, түзету шараларын

қабылдау, сондай-ақ бақылау рәсімдерін жетілдіру жөніндегі шаралар тергеп-тексерудің аяқталуы болып есептеледі.

Заңның 24-бабына сәйкес сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзге де жолмен жәрдемдесетін адам Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен мемлекеттің қорғауында болады және көтермеленеді және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдемдесетін адам туралы ақпарат мемлекеттік құпия болып табылады және заңда белгіленген тәртіппен беріледі. Аталған ақпаратты жария ету заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

Жоғарыда көрсетілген абзацтың ережесі заңға сәйкес жауаптылыққа жататын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы көрінеу жалған ақпарат хабарлаған адамдарға қолданылмайды.

ҚР ӘҚБтК-нің 439-бабына сәйкес айыппұл түрінде әкімшілік жауапкершілік көзделген.

12. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат талаптарын сақтамағаны үшін Қоғам қызметкерлерінің жауапкершілігі

62. Қоғам және оның қызметкерлері атқаратын лауазымдары мен атқаратын функцияларына қарамастан Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасының нормаларын сақтауға міндетті.

Қоғамның қызметкерлері атқаратын лауазымына және атқаратын функцияларына қарамастан, осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың қағидаттары мен талаптарын сақтамағаны үшін заңда белгіленген тәртіппен, оның ішінде Қазақстан Республикасының еңбек, әкімшілік және қылмыстық заңнамасы шеңберінде жауаптылықта болады.

13. Қорытынды ережелер

63. Қоғам сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру тиімділігінің тұрақты мониторингін жүзеге асырады. СЖҚКҚ жыл сайын Директорлар кеңесіне сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі шараларды іске асыру туралы есеп дайындайды, оның негізінде осы Саясаттың талаптары мен ережелері қайта қаралуы және/немесе өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

Саясатты қайта қарау еңбек заңнамасына, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамаға өзгерістер енгізілген, ұйымдық-құқықтық нысаны немесе ұйымдық-штаттық құрылымы өзгерген жағдайда да жүргізіледі.

«Электр энергетикасын дамыту және энергия
үнемдеу институты (Қазақэнергиясараптама)»
акционерлік қоғамындағы Сыбайлас
жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатына
1-қосымша

Нысан

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдау туралы
келісім**

Мен, _____,
тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының, «Электр энергетикасын дамыту және энергия үнемдеу институты (Қазақэнергиясараптама)» АҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының және Іскерлік әдеп кодексінің талаптарын сақтау, менің өкілеттіктерімді жеке, топтық және өзге де қызметтік емес мүдделерде пайдалануға әкеп соғуы мүмкін іс-әрекеттердің жасалуына жол бермеу мақсатында өзіме келесі сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдаймын:

- 1) жақын туыстардың, ерлі-зайыптылардың және жекжаттардың бірлескен қызметіне (жұмысына) жол бермеу;
- 2) мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе пайда алу мақсатында ресми таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдалану;
- 3) егер мұндай іс-әрекеттер осы тармақта көрсетілген адамдардың қызметтік өкілеттіктеріне кіретін болса немесе лауазымдық жағдайына байланысты бұл адамдар мұндай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал етуі мүмкін болса, оларды ұсынған адамдардың пайдасына іс-әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін материалдық сыйақыны, сыйлықтарды немесе көрсетілетін қызметтерді қабылдау.

ҚОЛЫ

ҚОЛТАҢБАНЫҢ ТОЛЫҚ ЖАЗЫЛУЫ

күні

«Электр энергетикасын дамыту және энергия үнемдеу институты (Қазақэнергиясараптама)» АҚ	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты	СМЖ.ДП.01.04 Өзгерту: 01 Күні: 27.07. 2017 г. 36 беттен 35-бет
---	--	---

«Электр энергетикасын дамыту және энергия үнемдеу институты (Қазақэнергиясараптама)» акционерлік қоғамындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатына
2-қосымша

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпенің нысаны мен мазмұны

1. «Электр энергетикасын дамыту және энергия үнемдеу институты (Қазақэнергиясараптама)» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) «Электр энергетикасын дамыту және энергия үнемдеу институты (Қазақэнергиясараптама)» АҚ-да Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының (бұдан әрі – Саясат) қағидаттары мен талаптары туралы Шарттың екінші Тарапын хабардар етеді. Екінші Тарап Шарт жасасу арқылы Қоғамның саясатымен танысқандығын растайды. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарын сақтауға және өз қызметкерлерінің сақтауын қамтамасыз етуге, сондай-ақ Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын халықаралық актілерде және шет мемлекеттердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамалық актілерінде көзделген сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасамауға міндеттенеді.

2. Шарт мақсатында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға пара беру не алу кезінде жасалатын қасақана іс-әрекеттер, коммерциялық пара беру не Тараптар қызметкерінің өзінің қызметтік жағдайын Тараптардың заңды мүдделеріне қайшы, ақша, құндылықтар, сыйлықтар және өзге де мүлік немесе мүліктік, физикалық немесе моральдық сипаттағы немесе көрсетілетін қызметтер түрінде пайда алу мақсатында өзге де заңсыз пайдалануы, немесе аталған адамға басқа жеке тұлғалардың мұндай пайданы заңсыз беруі және Қазақстан Республикасының не Тараптың болатын және/немесе бизнесті жүргізетін елдің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына сәйкес өзге де мүліктік игіліктер мен артықшылықтар алуы (бұдан әрі – Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар) жатады.

3. Тарапта сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық орын алды немесе орын алуы мүмкін деген негізделген болжам туындаған жағдайда (сыбайлас жемқорлық қылмыс жасауына байланысты екінші Тараптың қызметкеріне (-леріне) қатысты қылмыстық іс қозғау туралы ақпаратты не сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы өзге де анық ақпаратты алған кезде) мұндай Тарап бұл туралы екінші Тарапқа тиісті фактілерге көрсете отырып жазбаша нысанда хабарлауға міндеттенеді және екінші Тараптан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық орын алған жоқ немесе орын алуы мүмкін емес деген растау алғанға дейін шарт бойынша міндеттемелерді орындамауға құқылы. Көрсетілген растауды екінші Тарап хабарламаны алған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде беруі тиіс.

4. Қоғам сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны туралы анық ақпарат алған кезде екінші Тарапқа тиісті жазбаша хабарлама жібере отырып, Шартты орындаудан біржақты тәртіппен толық немесе ішінара бас тартуға, сондай-ақ екінші Тараптан Шартты бұзудан келтірілген залалдардың орнын толтыруды талап етуге құқылы.
